

ЭОЖ 352.075
МРНТИ 82.13.37

DOI: <https://doi.org/10.37788/2022-2/89-95>

С.К. Жанузакова¹, М.К. Алшимбаева¹

¹Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан
(e-mail: zhan-salta@mail.ru)

Қазіргі қоғамдағы жергілікті өзін-өзі басқарудың ролі мен орны

Аңдатпа

Негізгі мәселе: Жергілікті өзін-өзі басқару органдары-демократиялық мемлекеттегі құрылым негізінің ажырамас тетігі. Бүгінгі таңда жалпы қоғамдық қатынастар жүйесінде және экономикалық қарым-қатынастарда жергілікті өзін-өзі басқару жиі кездеседі. Бұл жүйе жеткілікті және сапалы деңгейде дамымаса, заңнамалық, қажетті мүмкіндіктер болмаса, жергілікті деңгейде экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени және басқа мәселелерді шешу өте қиын болмақ. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары – бұл биліктің ерекше деңгейі, онда қоғамдық және мемлекеттік қағидаттары біріктіріледі. Конституциялық және әкімшілік құқықтың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерінің ішінде жергілікті өзін-өзі басқарудың орны мен ролін айқындау және мемлекеттік билік органдары мен өзін-өзі басқару органдарының, бір жағынан, жергілікті өкілетті және атқарушы құрылымдар мен институттардың теңгерімді өзара қарым-қатынасын бекіту аса маңызды мәнге ие болады.

Мақсаты: қазіргі қоғамда жергілікті өзін-өзі басқарудың ролі мен орнын зерделеу, Қазақстанда жергілікті билік органдар дамудың болашақ көріністері мен құрылуы бойынша тәжірибелік нұсқаулықтар тұжырымдау.

Әдістері: мақаланы жазу барысында суреттеу, сараптама және жинақтау, негіздеу, қисынды моделдеу, жүйелік сараптау және т.б. тәсілдер қолданылды. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарын сараптау үшін жүйелік-талдағыш әдіс қолданылған. Жергілікті өзін-өзі басқарудың, сондай-ақ басқарудың функционалдық жүесінің құрылуын зерделеуде құрылымдық-талдағыш сараптама тәсілі қолданылды.

Нәтижелері мен олардың маңыздылығы: жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен ұсынымдар: Қазақстан Республикасы мәслихаттары мен әкімдіктерінің, мемлекеттік қызметшілердің тәжірибелік қызметінде; жоғары оқу орындарындағы курстарда оқу процесінде, сондай-ақ одан әрі жалпы теориялық және қолданбалы зерттеулер үшін пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару органдары, әкім, мәслихат, мемлекеттік билік, азаматтық қоғам, жергілікті өкілетті органдар.

Кіріспе

Тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай еліміздегі барлық қоғамдық институттар, соның ішінде жергілікті басқару институты өзгерістерге ұшырады. Алдыңғы кезеңде Қазақстан кірген КСРО-дағы жергілікті басқару жергілікті деңгейдегі мемлекеттік басқару нысандарында жүзеге асырылды, оның міндеттері халық депутаттарының жергілікті Кеңесі шеңберінде іске асырылды. Халықтың аумақтарды және елді мекендерді басқаруға қатысуы өз өкілеттіктерін сайланбалы өкілдерге - ауылдық округтердің, аудандық, қалалық және облыстық кеңестердің депутаттарына тапсырумен шектелді. Халық қалаулыларын сайлау Конституцияға және кеңес құқығының нормаларына сәйкес жүзеге асырылды. Сондай-ақ, онда одақтас мемлекеттің саяси жүйесі шеңберіндегі жергілікті кеңестердің құқықтары мен міндеттері де көрініс тапты.

Қазақстан дербестік алған сәттен бастап мемлекет жергілікті өзін-өзі басқару институтын тиімді енгізу бойынша түрлі реформалар жүргізуде. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі облыстардың аумағында тіркелген азаматтардың өмірін жақсартуға бағытталғандықтан маңызды рөл атқарады. Әрі қоғамдағы тәртіпті сақтайды, белгілі бір міндеттерді шешеді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-қоғамдық басқарудың жаңа жүйесі қалыптасуда. Бастапқы кезеңдегі оның негізгі ерекшелігі кеңестік мұраны сынау, этатизм дәстүрлерін сақтау, көпэтносты мемлекеттің үлкен аумағының талаптарын ескеруді түсіну болды. Қазақстанның қазіргі даму кезеңі, ең алдымен, қазіргі президенттің тиімді мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесін құруға, қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған саясатымен байланысты. Реформалар биліктің бірыңғай вертикалын құру саясаты шеңберінде жүргізіледі, бұл бір жағынан – азаматтық қоғам институттарын құруды, екінші жағынан – тәртіпті нығайтуды көздейді.

Елімізде жергілікті басқарудың мазмұны ішкі және сыртқы факторлардың ықпал етуі арқылы қоғамның өзгеруімен құбылып отырады. Бұл өзгерістер тұрақты түрде орын алып отырады және анық бір белгісіздік тудыратын болады. Бұл қолданыстағы жергілікті басқару институттарының элементтерін модернизациялауға әкеледі. Дегенмен, болашақта болатын өзгерістерді, жаһандық, өңірлік және ұлттық

сипаттағы жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, демократиялық негізде мемлекеттік құрылымның әртүрлі деңгейлерінде қоғамды басқарудың неғұрлым тиімді тетіктері мен әдістеріне көшу қажет.

Мақсаты: азаматтық қоғамдағы жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлі мен орнының теориялық және тәжірибелік аспектілерін зерттеу, жас мемлекетіміздің жергілікті билік органдарын одан әрі дамытуды жетілдіру бағыттарын әзірлеу.

Материалдар мен әдістер

Әдіснамалық негіз, сондай-ақ зерттеу әдістері жүйелік, салыстырмалы-құқықтық, нақты-тарихи, социологиялық, құрылымдық-функционалдық және өзге де қызмет етеді.

Нәтижелер

Мақалада жергілікті өзін-өзі басқару ұғымы, жергілікті өзін-өзі басқару мен биліктің нақты салмағы арасындағы айырмашылықтарды анықтау қарастырылған. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру барысында, жергілікті билік органдарында өкілеттіктеріне сай мониторинг жүргізілді, дамыту жолдары мен негізгі бағыттары анықталды. Жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі қоғамдағы орны мен атқаратын рөлдері зерттелді; мемлекеттік билік деңгейлері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы өкілеттіктер мен басқару нысандарын ажырату барысы талданды.

Талқылау

Қазіргі таңда экономикалық және әлеуметтік қатынастар жүйесінде жалпы жергілікті өзін-өзі басқару ерекше орын алып күрделі шешімдерді қажет етеді. Жергілікті тұрғыдан қарастырғанда өзін-өзі басқарудың жітілдіру мақсатында мәселелерді жан жағынан қарастыру қажет, бұл заңнамалық, экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық және мәдени мәселелерді шешу болып табылады.

«Жергілікті өзін-өзі басқару» термині алғаш рет XIX ғасыр әдебиетінде кездеседі. Оны түсіндіру өзін-өзі басқару ұғымымен тікелей байланысты. XIX ғасырдағы орыс экономисі А.И. Васильчиков өзін-өзі басқаруды халықтың өз Отанының жергілікті ішкі басқаруына қатысуы ретінде анықтайды. Автор бұл ұғым бізге Англия мен Америка Құрама Штаттарынан келді деп санайды, «олардың саяси күші халықтың бостандығымен бірге дамыды». Бұл ағылшын тілінде Self government деп аталатын арнайы басқару тәртібін білдіреді, ол «өзін-өзі басқару» деп аударылады [1].

«Жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымы тұрақты түсіну күйінде, өйткені ол күрделі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық құбылысты көрсетеді. Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде осы тұжырымдаманың көптеген анықтамалары тұжырымдалған. Атап айтқанда, Е.М.Ковешников «қазіргі заманғы жергілікті билік пен қазіргі қоғамның қалыптасуындағы басты мәселелердің бірі мемлекеттік және қоғамдық дамудың мақсаттары мен міндеттерімен өзара байланыста жергілікті өзін-өзі басқарудың ғылыми негізделген түсініктемесі мен мәнін дамыту» деп тұжырымдайды [2].

Өзін-өзі басқарудың экономикалық теориясы мемлекет пен қауымдастыққа да қайшы келеді, бірақ өзін-өзі басқару органдарының негізгі қызметі таза экономикалық қызмет болып табылады. Ең көп тарағаны-қоғамдық басқаруды мемлекеттік басқару түрі ретінде қарастыратын өзін-өзі басқарудың мемлекеттік теориясы.

Осы ағымның өкілдерінің бірі Г. Еллинек «өзін-өзі басқару – бұл кәсіби мемлекеттік лауазымды тұлғалар болып табылмайтын адамдар арқылы мемлекеттік басқару, мемлекеттік бюрократиядан айырмашылығы, мүдделі тұлғалардың өздері арқылы басқару» деп атап өтті [3].

Бұл көзқарастың жақтаушысы Н.Лазаревский болды, ол былай деп жазды: «жергілікті өзін-өзі басқару – бұл орталықтандырылмаған мемлекеттік басқару, онда жергілікті органдардың тәуелсіздігі осындай құқықтық кепілдіктер жүйесімен қамтамасыз етіледі, олар орталықсыздандырудың ақиқатын құра отырып, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік органдардың осы аймақпен және оның халқымен тығыз байланысын қамтамасыз етеді» [4].

XX ғасырдың 20-шы жылдарының белгілі ғалымы Л.А. Велихов жергілікті өзін-өзі басқару жергілікті халықтың басым тобынан уәкілетті тұлғаларды сайлау арқылы құрылған кез-келген іс-әрекеттің мемлекеттік басқару ретінде анықталуы керек деп есептеді [5]. Өзін-өзі басқарудың қоғамдық өмірдегі рөлі мен орны туралы марксистік тұжырымдама Кеңес өкіметінің соңғы күндеріне дейін созылды.

Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы жергілікті өзін-өзі басқарудың келесі анықтамасын береді: «Жергілікті өзін-өзі басқару дегеніміз-жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоғамдық істердің едәуір бөлігін реттеу және оны заң аясында, өзінің жауапкершілігі мен жергілікті халықтың мүддесі үшін басқару құқығы мен нақты қабілеті» [6].

Хартия халықаралық шарт, қазіргі заманғы демократия институты ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың іргелі қағидаттарын сақтау қажеттілігі мен әрбір мемлекеттегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің жұмыс істеуінің ішкі құқықтық, экономикалық және өзге де жағдайларына қатысты икемділік арасындағы ымыраға негізделгенін атап өткен жөн.

Осылайша, В.Г. Игнатов жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті маңызы бар мәселелерді халықтың өз бетінше шешуін көздейтін жергілікті жерлердегі билікті ұйымдастыру ретінде айқындайды [7]. И.В.Выдрин мен А.Н. Кокотов жергілікті өзін-өзі басқару деп «өкілді институттар мен тікелей демократия институттарының» ақылға қонымды үйлесіміне негізделген тұрғындардың төменгі аумақтық қауымдастықтарын басқару процесін түсінеді [8]. А.А. Замотаевтың анықтамасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару – бұл «азаматтардың бірлескен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, белгілі бір

жергілікті аумақта тұрудан, осы аумақ тұрғындарының көрші өзара әрекеттесуінің қажеттілігі мен сөзсіздігінен туындайтын демократияның бір түрі» [9].

Басқа зерттеушілер жергілікті өзін-өзі басқаруды, ең алдымен, мемлекеттік биліктің нысаны ретінде қарастырады, бұл жүйенің субъектісі халықтың өзі құрған басқару органдары ретінде емес, кейде олардың жасаушысы – жергілікті қауымдастыққа қатысты басымдыққа айналады.

Адамның, халықтың құндылықтары мен идеологиялық тенденцияларының дамуына жергілікті өзін-өзі басқару үлкен әсер етеді. Оның негізгі міндеттерінің бірі-адамдардың психологиясын өзгерту, олардың қабілеттерін қалыптастыру және маңызды жергілікті мәселелерді өз міндеттерімен дербес шешу. Бұл мәселелер ел мен азаматтық қоғамды жақсартудың негізгі бөлігін құрайды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалауда және оның қызметінде көптеген экономикалық, кәсіби және техникалық мәселелер бар. Жергілікті жерлердегі халықтың әлеуметтік белсенділігі өте төмен, ал халықарасында жергілікті билік органдарына сенімдеңгейі төмен. Азаматтар күнделікті жеке әлеуметтік және экономикалық сипаттағы мәселелерін шешуге жергілікті билік органдарына артады.

Маңызды әлеуметтік салалалар – денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй құрылысы және ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы ұлттық жобаларды іске асыруда жергілікті өзін-өзі басқару ерекше рөл атқарады, өйткені халық пен билік арасындағы өзара қарым-қатынас тетігі жергілікті білім беру деңгейінде тікелей байқалады.

Бүгінгі таңда елімізде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің жұмыс істеуі Қазақстан Республикасы Конституциясының 85-89 баптарымен, 2001 жылғы қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңдармен және өзге де нормативтік актілермен, ережелермен (жарғылармен) айқындалады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР) жергілікті тұрғындардың маңызы бар мәселелерін өз бетінше шеше алатын жергілікті өзін-өзі басқаруды қажет етеді (89-б.1-т.) [10].

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ Заңы (17.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) 3-бапта негізін экономикалық ойды бекітеді, бұл дегеніміз коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген, жергілікті меншіктегі мүлік; жергілікті бюджеттердің қаражаты; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммуналдық меншікте бекітілген қосымша мүлік ретінде қарастырылған [11].

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекет және азаматтық қоғам институттарының дамуымен байланысты көп кезеңді және серпінді процесс ретінде қалыптасуы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасында көрініс тапты [12].

Өткен 2013-2020 жылдары жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту барысында төмендегідей негізгі нәтижелер іске асырылды:

- 1) басқару ұйымдары ұйымдастырылған, құрылу тәртібі бойынша қоғамдастықтар қалыптастырылды, жұмыс барысында жиналыстарынөткізу негізгі тәртіптері, өкілеттіктері реттелген;
- 2) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық аймақтарының әкімдерін, қалалардың мәслихаттарын сайлау;
- 3) астана, республикалық маңызы бар қалалар және облыстық қалалар әкімдіктерге қарасты халықтың мәселелерін талқылау шешу кеңесші ұйымдар ретінде жергілікті аумақтық кеңестерұйымдастырылды;
- 4) әр бір деңгейдегі әкімдердің әкімшілік-аумақтық бірліктерін дамыту барысындағы мәселелерді шешу міндеттері мен негізгі бағыттарын жоспарлап жыл сайын халықпен кездесулер өткізілді, есеп жарияланды;
- 5) басқару барысында институционалдық және экономикалық негіздерін жетілдіруге негізделген шаралар іске асырылды.

Бертінгі 2018-2020 жылдар аралығындажергілікті ауылдық аймақтарда бюджет жүйесінде жаңа деңгейі енгізілді. Ауылдық әкімдер коммуналдық меншіктерін басқарыпөз бюджетін қалыптастырды. Бұл бюджетті салықтар, төлемдер мен айыппұлдар, коммуналдық мүліктен түсетін табыстар, және жоғары тұрған бюджеттен берілетін субвенциялар есебінен қалыптастысты.

Кейбір салықтар, соның ішінде жер, көліктен, мүліктен, жеке табыстардан салығы және тұрғындар төлейтін басқа да салықтар ауылдық округте қала бастады. Тиісінше, азаматтар өздерінің салықтарының не үшін жұмсалғанынанықтады. Бүгінгі таңда жергілікті өзін-өзі басқарудың кірістері бұл ен алдымен алты салық түсімдерінен, төлемдерден және жоғары тұрған бюджеттен аударылатын трансферттерден құралады.

2020 жылдың есебіне сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің кірістері – 252 астам млрд теңгені құрады, оның ішінде шамамен – 34 млрд теңге немесе 13,4 % – өз кірістері және 218 млрд теңге – жоғары тұрған бюджеттен трансферттер.

Сонымен қатар, жеке тұлғалардың өз бетінше салық салуға жататын табыстары бойынша жеке табыс салығының төмендеуі байқалды, бұл 2020 жылдың 1-қаңтарынан бастап шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін табыстан салық төлеуге мораторийдің енгізілуіне байланысты.

Осы трансформациялық көшу аясында Қазақстанда жаңа Жергілікті өзін-өзі басқару органы - Кеңес құрылды.

Кеңес-бұл түбегейлі жаңа институт, ол шешімдер қабылдау мен бақылауға ықпал ететін нақты тетіктерге сүйену қажет. Басқаруға жекелеген жергілікті салықтар бойынша ставкаларды белгіленген шеңберлер шегінде түзету құқығын беру маңызды новелла. Осы орайда, кеңес ауылдағы нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты шешім қабылдайтын болады. Яғни, Кеңес ең жоғары фискалдық түсімдер қажет пе немесе бизнесті тарту үшін неғұрлым төмен салықтар қажет пе, соны өзі анықтайды.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы жергілікті өзін-өзі басқарудың Конституциялық автономиясы қағидаты «үш пілге», атап айтқанда: оның әлеуметтік-саяси тәуелсіздігіне кепілдік беретін құқықтық нормалардың жиынтығына; оның әкімшілік және қаржылық тәуелсіздігіне сүйенеді [6].

«Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржы ресурстары» хартиясының 9-бабында осындай «қаржылық Тәуелсіздіктің» мәні ашылады. Жарғының осы бабында ұлттық экономикалық саясаты шеңберінде өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде еркін билік ете алатын жеткілікті меншікті қаржы ресурстарына ие болуға құқығы бар екендігі атап көрсетіледі. Бұл ретте қаржы ресурстары оларға тиісті елдің Конституциясы немесе Заңы берген өкілеттіктерге мөлшерлес болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы бойынша ауылдық округтің орташа бюджеті 107 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар, халық саны мен ауылдық округтердің экономикасына байланысты жергілікті өзін-өзі басқару бюджеттерінде айшықты сәйкессіздіктер орын алуда. Осылайша, жергілікті өзін-өзі басқарудың ең төменгі бюджеті – 2,8 млн теңгені, ал ең жоғарғысы – 2,5 млрд теңгені құрайды.

Нысандардың бір бөлігі, мысалы – мәдениет үйлер, балабақшалар, ортақ пайдалану нысандары (жолдар, көшелер, саябақтар, скверлер, демалыс орындар, ескерткіштер және т.б.) жоғарғы аудандық деңгейден төменгі жергілікті меншігіне берілді.

Ауылдық округтердің бюджетті аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) мәслихат оны жергілікті қоғамдастық жиналысымен келіскеннен кейін бекітеді, содан кейін ауылдық округ әкімінің аппараты орындайды.

Жергілікті қоғамдастық жиналысында коммуналдық меншігін басқару, бюджетті қалыптастыру, бюджет қаражатының шығындарын тексеру, дамыту бағдарламасын құрастырып бекіту, сондай-ақ аудан әкімі ұсынған ауылдық округ әкімі қызметіне қабылдауға және оны қызметтен босатуға өкілеттіктер берілген.

Ауылдық әкімдеріне жерді мақсатты түрінде пайдаланып, абаттандырып, көгалдандырып және ауылдық округтердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп, басқа да мәселелерін бақылап шешуге мүмкіндіктері бар. Жалпы ауылдық округ әкімдеріне әр түрлі әкімшілік айыппұлдары берілді.

Ауылдық округ әкімі сол аумағында тиісті аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдіктің лауазымды адамы болып табылады [13]. Ауыл әкімінің аппараты бюджетті жоспарлау мен орындалуын, ауыл өңірін дамыту бағдарламасын әзірлеп іске асырады.

Осыған байланысты, негізгі өзгерістерді іске асыру барысында «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 98-қадамына сәйкес Қазақстанның ауылдарын дамытуға негізделген дербес бюджеті енгізілді. Осы жоспарларды іске асыру барысында әкімдердің күнделікті мәселелерді шешуде және азаматтардың өз ауылын, кентін дамытуға бағытталған шешімдер қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге жағдай тудырады. Дербес бюджеттер тұрғындардың елді мекендерін абаттандырып мен көгалдандырып, сумен жабдықтадырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды іске асырып, автожолдарды жөндеп, және т.б. қажеттіліктерін қанағаттандырып, бюджет қаражатын қажетті шараларға тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, бұл - адамдардың өмір сүру сапасын жоғарылатып, жағдайларын жасап және сыртқы келбетін жақсартуға ықпал ететін болады.

Жоғары айтылған шараларды сапалы түрінде іске асыру барысында 2025 жылға дейін өмір сүру деңгейін көтеріп, тұрғындардың қажеттіліктері қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, басқару процессін іске асыру барысында құқықтық базасы біртіндеп қалыптасуда.

Құқықтық базасын енгізуі ең алдымен үкімет ұйымдардың және қоғамдық ұйымдардың қолдауымен іске асырылады. Қазақстандағы жергілікті басқару қызметін зерделеу нәтижелері бойынша шетелдік тәжірибені ескере отырып, басқаруды дамытуға бағытталған келесі құралдарды ұсынуға болады.

Біріншіден, электрондық дауыс беру жүйесін енгізу және дамыту арқылы ауыл әкімдерін сайлау тетігін қайта қарау. Айта кету керек, қазір АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Малайзия сияқты шет елдердің әлемдік тәжірибесінде жергілікті және мемлекеттік басқару ұйымдарында дауыс беру мен сайлау өткізу процесінде электрондық дауыс беру жүйесі белсенді енгізілуде, бұл жергілікті жерлерде «әділ» сайлауды жаңғырту мен өткізу тетіктерінің бірі болып табылады.

Екіншіден, жергілікті өзін-өзі басқару басшылары ретінде ауыл әкімдерінің тәуелсіздігін күшейту үшін келесіні ұсынамыз: а) әкім болуға үміткерді ұсыну құқығын қоғамдық бірлестіктерге, оның ішінде өңірлік және жергілікті бірлестіктерге де беру; б) әкім болуға үміткер ұсыну құқығын жиналыстарға немесе азаматтар жиындарына беру; в) сайлаушылардың 1%-тік қолдау дауыстарын әкім

болуға сайлауға түсуші барлық үміткерлерге ұсыну; г) аудан әкімін ауыл әкіміне үміткер ұсыну құқығынан айыру, өйткені алғашқы үш ұсыныс іске асырылған жағдайда үміткерлерде кемшілік болмайды.

Үшіншіден, заңда осындай дауыс беруге шығаруға болмайтын мәселелердің шеңберін белгілей отырып, халыққа жергілікті маңызы бар ең маңызды мәселелер бойынша жергілікті референдумдар өткізу құқығын берген жөн.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша жергілікті өзін-өзі басқару азаматтық қоғам мен мемлекет арасында жанама орын алатын және мемлекеттік басқару жүйесінде тікелей және кері байланыстарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін саяси институт екенін атап өткен жөн.

ҚР-да жергілікті өзін-өзі басқарудың ұлттық моделін қалыптастыру барысын аяқталған деп санауға болмайды. Мемлекеттің осы бағыттағы одан әрі қадамдары қажет.

Басқару мәселелерін талдау бірінші кезекте халықтың азаматтық және құқықтық жетілмегендігі, билік құрылымдарымен қарым-қатынастағы бейбелсенділігі және азаматтардың өз құқықтарын іске асыруын қамтамасыз ететін пәрменді тетіктердің (тек декларациялардың ғана емес), халықтың қалың жігін әртүрлі нысандарға тарту тетігінің болмауы кедергі келтіреді деген қорытындыға әкеледі. Түйін, жергілікті өзін-өзі басқаруды әрі қарай дамыту үшін ең нәтижелі тәжірибені пайдалану қажет.

Аудандық, ауылдық округтер әкімдеріне сайлауды енгізу шеңберінде ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер деңгейінде жергілікті өкілді орган ретінде әрекет ете алатын және азаматтар мен ауыл халқының мүдделерін білдіре алатын белгілі бір институттар құру талап етіледі. Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясының кейбір ережелерін талдай отырып, Қазақстан Республикасындағы ауылдық округтер әкімдері сайлануының жаңа моделін әзірлеу қажеттігін айқындады. Қазір АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Малайзия сияқты шет елдердің әлемдік тәжірибесінде дауыс беру мен сайлау өткізу процесінде жергілікті және мемлекеттік басқару ұйымдарында электрондық дауыс беру жүйесі белсенді енгізілуде. Бұл модельді Қазақстанда да қолдануға болады, өйткені ол жаңғырту және жергілікті жерлерде «әділ» сайлау өткізудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады.

Жоғарыда ұсынылған шаралардың нәтижесі, жергілікті басқаруды дамыту барысында дамыту стратегиясын және саясатын толық іске асыру қажет. Айталған шаралар жергілікті тұрғындардың тұрмыс мәселелерін шешіп мемлекеттік биліктің өзара іс-қимыл жүйесін дамытады. Оның тиімді жұмыс істеуі келесі жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді: халықтың рөлін, оның жергілікті маңызы бар мәселелерді сапалы түрде шешуге қатысуын арттыру; әрбір кезеңде халықтың өмір сүру деңгейін, саяси тұрақтылықты арттыру; құқықтық мемлекеттің негізі болып табылатын дамыған азаматтық қоғамды құру болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Петухов Р.В. Местное самоуправление: опыт теоретического осмысления А.И. Васильчиковым и современные реалии / Р.В. Петухов // Труды Института государства и права Российской академии наук. – 2011. – № 3. – С. 89-106.
- 2 Ковешников Е.М. Государство и местное самоуправление в России. Теоретико-правовые основы взаимодействия. – М.: Норма, 2002. – 270 с.
- 3 Акмалова А.А. Модели местного самоуправления. – М.: Прометей, 2019. – 168 с.
- 4 Данилевская И.Л. Идеи парламентаризма в трудах Н.И. Лазаревского // Труды Института государства и права Российской академии наук. – 2017. – № 2. – С. 57.
- 5 Велихов Л.А. Основы городского хозяйства: Общее учение о городе, его управлении, финансах и методах хозяйства / Л.А. Велихов. – М.: Наука, 1996. – 468 с.
- 6 Европейская хартия о местном самоуправлении Страсбург, Совет Европы, Отдел изданий и документов от 15 октября 1985 года.
- 7 Игнатов В.Г. Местное самоуправление: учеб. пос. / В.Г. Игнатов, В.В. Рудой. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2003. – 384 с.
- 8 Выдрин И.В. Муниципальное право России / И.В. Выдрин, А.Н. Кокотов. – Екатеринбург, 2017. – С. 8.
- 9 Замотаев А.А. Местное самоуправление: основные понятия и термины: Комментарий к отдельным нормам федерального законодательства. – М., 1999. – 395 с.
- 10 Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.12.2021г.) // Режим доступа: <https://online.zakon.kz>.
- 11 Закон «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года № 148-ІІ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.01.2022 г.)
- 12 Концепции развития местного самоуправления в Республике Казахстан, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 28 ноября 2012 года № 438. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/>.

13 Указ Президента РК от 18 августа 2021 г. Об утверждении Концепции развития местного самоуправления в Республике Казахстан до 2025 года.– [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/>.

REFERENCES

- 1 Petukhov, R.V. (2011). Mestnoe samoupravlenie: opyt teoreticheskogo osmysleniya A.I. Vasil'chikovymi sovremennye realii [Local self-government: the experience of theoretical understanding by A.I. Vasilchikov and modern realities]. Proceedings of the Institute of State and Law of the Russian Academy of Sciences, 3, 89-106 [in Russian].
- 2 Koveshnikov, E.M. (2002). Gosudarstvo i mestnoe samoupravlenie v Rossii. Teoretiko-pravovye osnovy vzaimodejstviya [State and local self-government in Russia. Theoretical and legal bases of interaction]. Moscow: Norm [in Russian].
- 3 Akmalova, A.A. (2019). Modeli mestnogo samoupravleniya [Models of local self-government]. Moscow: Prometheus [in Russian].
- 4 Danilevskaya, I.L. (2017). Idei parlamentarizma v trudah N.I. Lazarevskogo [Ideas of parliamentarism in the works of N.I. Lazarevsky]. Proceedings of the Institute of State and Law of the Russian Academy of Sciences, 2, 57 [in Russian].
- 5 Velikhov, L.A. (1996). Osnovy gorodskogo hozyajstva: Obshchee uchenie o gorode, ego upravlenii, finansahimetodahhozyajstva [Fundamentals of urban economy: The general doctrine of the city, its management, finances and methods of economy]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 6 Evropejskaya hartiya o mestnom samoupravlenii Strasburg [European Charter on Local Self-Government Strasbourg]. (1985). Council of Europe, Publications and Documents Department [in Russian].
- 7 Ignatov, V.G. (2003). Mestnoe samoupravlenie [Local self-government: studies. Manual]. Rostov-on-Don: Phoenix [in Russian].
- 8 Vydrin, I.V. (2017). Municipal'noe pravo Rossii [Municipal law of Russia]. Yekaterinburg: Feniks [in Russian].
- 9 Zamotaev, A.A. (1999). Mestnoe samoupravlenie: osnovnye ponyatiya i terminy: Kommentarij k otdel'nym normam federal'nogo zakonodatel'stva [Local self-government: basic concepts and terms: Commentary on certain norms of federal legislation]. Moscow [in Russian].
- 10 Konstituciya Respubliki Kazahstan ot 30 avgusta 1995 goda (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 24.12.2021g.) [Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995 (with amendments and additions as of 12/24/2021)] // Access mode: <https://online.zakon.kz> [in Russian].
- 11 Zakon «O mestnom gosudarstvennom upravlenii i samoupravlenii v Respublike Kazahstan» ot 23 yanvarya 2001 goda № 148-II (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 17.01.2022 g.) [The Law "On Local Public Administration and Self-Government in the Republic of Kazakhstan" dated January 23, 2001 No. 148-II (with amendments and additions as of 01/17/2022)] [in Russian].
- 12 Konceptii razvitiya mestnogo samoupravleniya v Respublike Kazahstan, utverzhdennoj Ukazom Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 28 noyabrya 2012 goda № 438 [The concept of development of local self-government in the Republic of Kazakhstan, approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated November 28, 2012 No. 438]. Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/> [in Russian].
- 13 Ukaz Prezidenta RK ot 18 avgusta 2021 g. Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya mestnogo samoupravleniya v Respublike Kazahstan do 2025 goda [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated August 18, 2021 On approval of the Concept of Development of Local self-government in the Republic of Kazakhstan until 2025]. Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/> [in Russian].

С.К. Жанузакова¹, М.К. Алшимбаева¹

¹Инновационный Евразийский университет, Казахстан

Роль и место в современном обществе местного самоуправления

Органы местного самоуправления – неотъемлемый механизм устройства демократического государства. В современной системе общественных отношений одно из важнейших мест занимают общэкономические отношения, а именно местное самоуправление. Без развитой системы местного самоуправления, законодательных и реальных возможностей очень сложно самостоятельно создавать рыночно-демократические структуры для решения экономических, социальных, бытовых, культурных и других вопросов на местном уровне.

Органы местного самоуправления – это особый уровень власти, в котором сочетаются два принципа: общественный и государственный. В практике Конституционного и административного права важно определить место и характер местного самоуправления, установить сбалансированные отношения между органами государственной власти и органами самоуправления, с одной стороны, и с местными представительствами и структурами – с другой.

Цель статьи – изучить роль местного самоуправления в современном обществе, выработать практические рекомендации по формированию и перспективам развития местных органов власти в Казахстане.

При написании статьи были использованы следующие методы: описание, анализ и синтез, обоснование, логическое моделирование, системный анализ и др. При изучении формирования местного самоуправления, а также функциональной системы управления был использован метод структурно-аналитического анализа.

Выводы и рекомендации, полученные в результате проведенного исследования, могут быть использованы в практической деятельности маслихатов и акиматов Республики Казахстан, государственных служащих; в процессе обучения на курсах в высших учебных заведениях, а также для дальнейших общетеоретических и прикладных исследований.

Ключевые слова: органы местного самоуправления, аким, маслихат, государственная власть, гражданское общество, местные представительные органы.

S.K. Zhanuzakova¹, M.K. Alshimbaeva¹
¹Innovative University of Eurasia, Kazakhstan

The role and place of local self-government in modern society

Local self-government bodies are an integral mechanism of the foundation of a democratic state. In the modern system of public relations, one of the most important places is occupied by general economic relations, namely local self-government. Without a developed system of local self-government, legislative and real opportunities, it is very difficult to independently create market-democratic structures to solve economic, social, domestic, cultural and other issues at the local level.

Local self-government bodies are a special level of government, which combines two principles: public and state. In the practice of Constitutional and administrative law, it is important to determine the place and nature of local self-government and to establish balanced relations between State authorities and self-government bodies, on the one hand, with local representative offices and structures.

The purpose of the article isto study the role and place of local self-government in modern society, to develop practical recommendations on the formation and prospects for the development of local authorities in Kazakhstan.

When writing an article, the following methods are used: description, analysis and synthesis, justification, logical modeling, system analysis, etc. When studying the formation of local self-government, as well as the functional management system, the method of structural and analytical analysis was used.

The conclusions and recommendations obtained as a result of the conducted research can be used: in the practical activities of maslikhats and akimats of the Republic of Kazakhstan, civil servants; in the process of studying at courses in higher educational institutions, as well as for further general theoretical and applied research.

Keywords: local self-government bodies, akim, maslikhat, state power, civil society, local representative bodies.

Қолжазбаның редакцияға келіп түскен күні: 08.05.2022 ж.